

Жоңғар Алатау МҰТП насекомдары (Insecta)

*¹Есенбекова П.А., ²Канапьянова А.Н.

*¹ҚР ҒЖБМ ҒК «Зоология институты» РМҚ, әл-Фараби даңғылы, 93, Алматы, 050060, Қазақстан

E-mail: esenbekova_periz@mail.ru

²Жоңғар Алатау МҰТП, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Қазақстан Республикасы

Тұжырым. Мақалада Жоңғар Алатау Мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағында 2023 жылы далалық зерттеулердің нәтижесінде жиналған насекомдар жайлы мәліметтер беріліп отыр. Зерттеу жұмыстары Жоңғар Алатау Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Алакөл филиалы, Үйгентас орманшылығы, Кепелі, Сегізбай асуы, Аттапқан шатқалдары, Алакөл филиалы, Көкжар орманшылығы, Көкжар шатқалы, Лепсі филиалы, Черновск орманшылығы, Черная речка шатқалы, Лепсі филиалы, Лепсі орманшылығы, Крутое шатқалы, Сарқан филиалы, Тополевск орманшылығы, Көкжота және Осиновая шатқалдарында жүргізілді. Насекомдар энтомологиялық ауа сүзгісімен ору әдісі арқылы, топырақ тұзағымен аулау арқылы, ұсақ насекомдарды эксгаузермен және түнгі жасанды жарық көзінен жиналды. Насекомдардың фаунасы мен экологиясын зерттеу маршруттық зерттеулер мен стационарлық бақылау әдістерімен жүргізілді. Мақалада әр түрдің биологиялық және экологиялық ерекшеліктері жайлы қысқаша мәліметтер берілді. 2023 жылы зерттеу нәтижесінде Жоңғар Алатау Мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағынан 9 отряд 36 тұқымдасқа жататын 66 түр анықталды. Олардың ішінде Жартылай қаттықанаттылар (Heteroptera) отрядынан 6 тұқымдастың 10 түрі, Қабыршаққанаттылар (Lepidoptera) отрядынан 6 тұқымдастың 20 түрі, Түйешелер (Raphidioptera) отрядынан 1 тұқымдастың 1 түрі, Жарғаққанаттылар (Hymenoptera) отрядынан 7 тұқымдастың 9 түрі, Торқанаттылар (Neuroptera) отрядынан 1 тұқымдасының 1 түрі, Қаттықанаттылар немесе қоңыздар (Coleoptera) отрядынан 10 тұқымдасының 19 түрі, Тікқанаттылар (Orthoptera) отрядынан 2 тұқымдасының 3 түрі, Инеліктер (Odonata) отрядынан 2 тұқымдасының 2 түрі, Қосқанаттылар (Diptera) отрядынан 1 тұқымдастың 1 түрі анықталды. Бұлардың ішінде түр құрамы жағынан басым Қабыршаққанаттылар (20 түр), Қаттықанаттылар (19 түр), Жартылай қаттықанаттылар (10 түр), Жарғаққанаттылар (9 түр), қалған отрядтардан 1-3 түрден ғана белгілі болды.

Кілт сөздер. Жоңғар Алатау Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, насекомдар, Insecta, фауна, далалық зерттеу.

Кіріспе

Жетісу (Жоңғар) Алатауы Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, батыстан шығысқа қарай 400 шақырымға созылған. Жетісу Алатауының солүстік баурайында «Жоңғар Алатау Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» орналасқан, жалпы көлемі 356 022 га. Парк территориясы үш филиалдан: Сарқан (134075 га), Лепсі (82723 га), Алакөл (138224 га) тұрады. Биологиядағы қазіргі басты әлемдік басымды мәселелердің бірі биологиялық әртүрлілікті сақтау және ерекше қорғалатын аумақтарда жануарлар мен өсімдіктер әлемін түгендеу мәселесі болып табылады. Сондықтан жыл сайын парк аумағындағы далалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері жоғарғы деңгейде жүргізілуде.

Материалдар және зерттеу әдістері

2023 жылы зерттеу жұмыстары Жоңғар Алатау Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Алакөл филиалы, Үйгентас орманшылығы, Кепелі, Сегізбай асуы, Аттапқан шатқалдары, Алакөл филиалы, Көкжар орманшылығы, Көкжар шатқалы, Лепсі филиалы, Черновск орманшылығы, Черная речка шатқалы, Лепсі филиалы, Лепсі орманшылығы, Крутое шатқалы, Сарқан филиалы, Тополевск орманшылығы, Көкжота және Осиновая шатқалдарында жүргізілді.

Насекомдарды жинау және зерттеу энтомологияда жалпы қабылданған әдістерге сәйкес жүргізілді (Кириченко [Kirichenko] 1959; Палий [Paliy] 1970; Фасулати [Fasulati] 1971). Насекомдардың фаунасы мен экологиясын зерттеу маршруттық зерттеулер мен стационарлық бақылау әдістерімен жүргізілді. Насекомдарды жинау үшін әртүрлі әдістер қолданылды: энтомологиялық ауа сүзгісімен өсімдіктерді ору әдісі арқылы, ұсақ насекомдарды эксгаустермен жинау, түнде жасанды жарық көзіне аулау, топырақ тұзағы арқылы жинау және т.б. Насекомдардың түр құрамы зертханалық жағдайда микроскоппен және анықтағыштармен анықталды.

Зерттеу нәтижелері

Төменде зерттелген аумақтардан табылған түрлер жайлы мәліметтер келтірілген. Әр түрдің биологиясы және экологиясы жайлы қысқаша мәліметтер берілген.

Жартылай қаттықанаттылар отряды - Hemiptera

Қандалалар отряд тармағы - Heteroptera

Қызыл қандалалар тұқымдасы - Pyrrhocoridae

Pyrrhocoris apterus (Linnaeus, 1758). Герпетобионт; мезофил, өсімдік жабыны арасында кездеседі, зоофитофаг, жылына екі рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды (Пучков, 1974).

Шоқпарлылар тұқымдасы - Rhopalidae

Rhopalus subrufus (Gmelin, 1790). Хортобионт, мезофил, тауда 2500 метрге дейін көтеріледі (Пучков, 1986), полифитофаг, жылына 2-3 рет ұрпақ береді, ересек дарасы қыстайды.

Кенерелілер тұқымдасы - Coreidae

Coreus marginatus marginatus (Linnaeus, 1758) – қымыздық қандаласы. Хортобионт, мезофил, кең олигофитофаг (қарақұмық тұқымдасында) (Пучков, 1962), жылына екі рет ұрпақ береді, ересек даралары қыстайды.

Жыртқыштар тұқымдасы - Reduviidae

Rhynocoris iracundus (Poda, 1761) – қызыл ринокор. Дендро-хортобионт; мезофил, зоофаг, жылына бір рет ұрпақ береді, жоғарғы даму сатысындағы дернәсілдері қыстайды (Пучков, 1987).

Жай көзшесіздер тұқымдасы - Miridae

Capsodes gothicus gothicus (Linnaeus, 1758). Хортобионт, мезофил, полифитофаг, жылына бір рет ұрпақ береді, жұмыртқасы қыстайды (Кержнер, 1963).

Нағыз қалқаншалылар тұқымдасы - Pentatomidae

Dolycoris baccarum (Linnaeus, 1758) – жидек қандаласы. Эврихортобионт; мезофил, полифитофаг, жылына бір рет ұрпақ береді, ересек дарасы қыстайды. 24 тұқымдасқа жататын 58 өсімдік түрімен қоректенеді (Каменкова, 1958).

Carpocoris purpureipennis (De Geer, 1773). Хортобионт, мезофил, полифитофаг, жылына бір рет ұрпақ береді, ересек дарасы қыстайды (Кириченко, 1951; Пучков, 1965).

Piezodorus lituratus (Fabricius, 1794). Хорто-тамно-дендробионт; мезофил, кең олигофитофаг (түрлі бұршақ тұқымдастармен қоректенеді) (Пучков, 1961), жылына бір рет ұрпақ береді, ересек дарасы қыстайды.

Graphosoma lineatum (Linnaeus, 1758) – жолақты графозома. Хортобионт, мезофил, кең олигофитофаг (түрлі шатыргүлділермен Umbelliferae қоректенеді) (Пучков, 1965), жылына бір рет ұрпақ береді, ересек дарасы қыстайды.

Palomena prasina (Linnaeus, 1761) – жасыл паломена. Дендро-тамнобионт (*Ribes*, *Rubus*, *Rosa*, *Quercus*, *Crataegus*, *Prunus*, *Sorbus*, *Acer*, *Fraxinus*, *Tilia*, *Betula*, *Alnus* және т.б.), мезофил, полифитофаг, жылына бір рет ұрпақ береді, ересек дарасы қыстайды. Жаңа ұрпақ тамыз басында шығады (Йосифов, 1981).

Қабыршаққанаттылар отряды - Lepidoptera

Көгілдір көбелектер тұқымдасы - Lycaenidae

Glaucopsyche alexis (Poda, 1761) – Алексис немесе жоңышқа көгілдір көбелегі. Түрлі типтегі шалғындарда, субальпінің биік шөптесінді шалғындарында кездеседі. Жылына бір рет ұрпақ береді. Ұшу мерзімі - мамырдан тамыздың басына дейін. (Определитель бабочек России, 2012).

Phengaris alcon (Denis & Schiffermüller, 1775) - Ребель көгілдір көбелегі. Шалғынды биотоптарда, орман шетінде кездеседі. Ұшу мерзімі – маусымның ортасынан тамыздың басына дейін. Жұлдызқұрттарының қоректік өсімдіктері: бұршақ тұқымдастар (*Lotus*, *Melilotus*) мен көкгүлдер (*Gentiana*). Жұлдызқұрттары түрлі құмырсқа ұяларында тіршілік етеді (Коршунов, 2002).

Plebejus argivus argivus (Staudinger, 1886) - Аргивус көгілдір көбелегі. Тіршілік ету ортасы - құмды шөлдер, шөлейттер, құрғақ сазды аласа тауларда 1400 м биіктікке дейін кездеседі. Көбелектер мамыр-қыркүйек айларында ұшады, жылына 2-3 рет ұрпақ береді. Қоректік өсімдіктері - *Alhagi kirghisorum* (Fabaceae) (Жданко, Казенас, 2014).

Plebejus christophi (Staudinger, 1874) – Христоф көгілдір көбелегі. Тіршілік ету ортасы - негізінен құмды шөлдер, өзендердің жайылмаларында сирек кездесетін тоғайлы ормандар, 1400 м биіктікке дейін шөлейттенген аласа таулар. Көбелектер мамыр-маусым айларында ұшады, жылына 2-3 рет ұрпақ береді. Қоректік өсімдіктері - *Alhagi spp.* (Fabaceae) (Жданко, Казенас, 2014).

Umpria chinensis (Murray) - Хинензис көгілдір көбелегі. Тіршілік ету ортасы - жазықтағы шөлді, шөлейтті стациялар, шөлейттенген тауларда 1400 м биіктікте сирек кездеседі. Көбелектер климаттық жағдайларға байланысты сәуір-шілде айларында ұшады. Қоректік өсімдіктері - *Erodium oxyrhynchum* (Geraniaceae) (Жданко, Казенас, 2014).

Aricia agestis (Denis et Schiffermueller, 1775) – Агестида көгілдір көбелегі. Ол құрғақ жазық шалғындарда және таулардың әр түрлі шөпті беткейлерінде (1000-3800 м) тіршілік етеді. Жылына 1-2 рет ұрпақ береді. Көбелектер мамырдан қыркүйекке дейін ұшады. Жұлдызқұрттары кездескен өсімдіктер: Cistaceae (*Helianthemum*), Asteraceae (*Centaurea*), Geraniaceae (*Erodium*, *Geranium*) (Жданко, Казенас, 2014).

Ақ көбелектер тұқымдасы - Pieridae

Aporia crataegi (Linnaeus, 1758). Бұталы дала биотоптарында жиі кездеседі (Spiraea, Caragana). Көбелектер мамыр-шілде айларында ұшады. Олар әртүрлі өсімдіктердің балшырындарымен қоректенеді. Жұлдызқұрттары қыстайды (Жданко, Казенас, 2014).

Pieris napi (Linnaeus, 1758). Ол әртүрлі шабындықтарда, өзен аңғарларында жиі кездеседі. Жылына 2-3 рет ұрпақ береді. Жұлдызқұрттары әртүрлі шаршыгүлділерде (Brassicaceae: *Brassica*, *Cardamine*, *Alyssum*, *Arabis*, *Barbarea*, *Descurainia*, *Erysimum*, *Sisymbrium*, *Thlaspi*, *Draba*, *Lepidium*), сондай-ақ шашақгүлде (Resedaceae: *Reseda lutea*) тіршілік етеді және қоректенеді. Қуыршағы қыстайды (Жданко, Казенас, 2014).

Gonepteryx rhamni (Linnaeus, 1758). Тау бөктері мен аласа тауларда жиі кездеседі. Тауларда ол 2500 м биіктікке көтеріледі. Көбелектер наурыздан қазанға дейін ұшады. Жұлдызқұрттарының қоректік өсімдіктері ретінде *Rhamnus catharica*, *Frangula alnus* (Rhamnaceae) және *Padus avium* (Rosaceae) белгілі. Ересек көбелек қыстайды (Жданко, Казенас, 2014).

Нимфалида тұқымдасы - Nymphalidae

Argynnis adippe ([Dennis & Schiffermuller], 1775). Ол әртүрлі шалғындарда, соның ішінде субальпілік шалғындарда 3000 м биіктікке дейін тіршілік етеді. Көбелектер маусым-тамыз айларында ұшады. Жұлдызқұрттары әртүрлі шегіргүл түрлерімен қоректенеді (Violaceae) (Жданко, Казенас, 2014).

Argynnis niobe (Linnaeus, 1758). Тіршілік ету ортасы - әр түрлі шалғындар, соның ішінде субальпі 3000 м биіктікке дейінгі шалғындар. Көбелектер маусым-қыркүйек айларында ұшады. Қоректік өсімдіктері - шегіргүлдің әртүрлі түрлері (Violaceae) (Жданко, Казенас, 2014).

Mellicta alatauca Staudinger, 1881. Тіршілік ету ортасы - шалғынды стациялар, негізінен таулардың орман белдеуіндегі оңтүстік-батыс экспозициясының баурайында 1500-2500 м биіктікте кездеседі. Көбелектер маусым-шілде айларында ұшады. Қоректік өсімдіктері - *Pedicularis sp.* (Lamiaceae) (Жданко, Казенас, 2014).

Boloria sipora (Moore, 1875). Тіршілік ету ортасы-2500-4500 м биіктіктегі ылғалды тау шалғындары мен бұлақ жағалаулары. Көбелектер шілде айында ұшады. Қоректік өсімдіктері - *Polygonum spp.* (Polygonaceae) (Жданко, Казенас, 2014).

Euphydryas asiatica (Staudinger, 1881). Тіршілік ету ортасы - 1800-3000 м биіктіктегі таулы шалғындар, бірақ кейде өзен аңғарларында 1300 м биіктікте кездеседі. Көбелектер маусым-шілде айларында ұшады. Қоректік өсімдіктері - *Phlomis spp.* (Lamiaceae) (Жданко, Казенас, 2014).

Желкенділер тұқымдасы - Papilionidae

Parnassius apollo (Linnaeus, 1758). Таулардағы тіршілік ету ортасы - 1400-2100 м биіктіктегі жартастардағы шөпті шалғынды және дала беткейлері. Көбелектер маусым-қыркүйек айларында ұшады. Қоректік өсімдіктері - *Sedum hybridum*, *S. ewersii* (Grassulaceae) (Жданко, Казенас, 2014).

Parnassius apollonius (Eversmann, 1847). Тіршілік ету ортасы - құрғақ тасты және жартасты тау беткейлері, өзен жағасындағы дала террасалары және 800-3000 м биіктіктегі көл жағасындағы шөлейтті биотоптар. Көбелектер теңіз деңгейінен биіктікке байланысты мамыр-тамыз айларында ұшады. Қоректік өсімдіктері - *Pseudosedum spp.*, *Rosularia spp.*, кейде *Sedum ewersii* (Grassulaceae). Жұлдызқұрттары қыстайды (Жданко, Казенас, 2014).

Iphiclides podalirius (Linnaeus, 1758). Бұталы өсімдіктері бар жылы жерлерді жиі кездеседі. Ол орман жиектерінде, шабындықтарда, орманды алқаптарда, жартастар мен тау бөктерлерінің бұталы беткейлерінде ұшып жүреді. Жылына екі рет ұрпақ береді, біріншісі мамырдың екінші онкүндігінен бастап пайда болады және маусымның бірінші онкүндігіне дейін ұшады, екінші ұрпақ шілдеден тамызға дейін ұшады (Коршунов, 2002).

Мұр көбелектер тұқымдасы - Geometridae

Idaea aureolaria (Denis & Schiffermuller, 1775). Орманды дала мен дала аймақтарында кең таралған еуразиялық түр, орман аймағында сирек кездеседі. Көбелектің ұшу мерзімі - мамырдың ортасынан шілденің басына дейін. Күндіз белсенді. Жұлдызқұрттары әртүрлі шөптесін өсімдіктерде дамиды (Жданко, Казенас, 2014).

Siona lineata (Scopoli, 1763). Олар шалғындарда, жайылымдарда, орман шеттерінде тіршілік етеді. Фитофаг. Көбелек өсімдіктермен қоректенеді, бірақ үлкен зиянкестік туғызбайды (Жданко, Казенас, 2014).

Шұбар көбелектер тұқымдасы - Zygaenidae

Zygaena purpuralis (Brünnich, 1763). Күн шуақты және шөпті беткейлерде, жартастар мен құрғақ шалғындарда тіршілік етеді. Ересек көбелектер тіршілік ортасына байланысты мамырдың аяғынан тамызға дейін ұшады. Олар күндіз белсенді, әсіресе жылы және шуақты ауа-райында, түрлі гүлдердің балшырындармен қоректенеді. Дернәсілі жабайы жебіршөппен қоректенеді (*Thymus polytrichus*, *Thymus serpyllum* және т.б.). Олар тамыздан мамырға дейін кездеседі және бір-екі рет қыстайды (Жданко, Казенас, 2014).

Түйешелер отряды - Raphidioptera

Нағыз түйешелер тұқымдасы - Raphidiidae

Dichrostigma flavipes Stein, 1863. Дернәсілдері тек топырақта, ағаштар мен бұталардың тамырларының айналасындағы өсімдік жабынында тіршілік етеді. Олар ксеротермиялық тіршілік ету ортасына бейімделген. Ересек дарасы да, дернәсілдері де жыртқыш, өсімдік биттерімен, жұлдызқұрттармен және басқа да насекомдар дернәсілдерімен қоректенеді. Орман зиянкестерінің санын реттеп, табиғатқа пайда келтіреді (Aspöck, 2002).

Жарғаққанаттылар отряды - Hymenoptera

Қоғамдық аралар тұқымдасы - Vespidae

Vespula germanica (Fabricius, 1793). Өзінің таралу аймағындағы қарапайым түр, бірақ кәдімгі арамен салыстырғанда саны аз, бірақ қалалық жерлерде басым. Негізінен орман аймағын қоныстайды. Палеарктикада кең таралған. Ересек аралар балшырынмен қоректенеді, дернәсілдері ересектер алдын ала шайнаған жәндіктермен қоректенеді (Определитель насекомых европейской части СССР, 1978).

Polistes nimpha (Christ, 1791). Аралар өсімдіктерге, ғимараттардың шатырларының астына, сондай-ақ жабық жерлерде ұя салғанды жөн көреді. Бірнеше ондаған арадан тұратын отбасы. Олар күндіз белсенді тіршілік етеді, ұясынан 70-100 м қашықтыққа ұшпайды, балшырындар

мен шірелермен қоректенеді және дернәсілдерін жәндіктермен, негізінен көбелектердің ұсақ жұлдызқұрттарымен қоректендіреді (Определитель насекомых европейской части СССР, 1978).

Нағыз аралар тұқымдасы – Apidae

Xylocopa valga Gerstäcker, 1872. Аралар мамырдың аяғынан қыркүйекке дейін ұшады. Балташы ара жапырақты ормандардың шетінде, елді мекендерде, саяжайларда тіршілік етеді, олар көбінесе ескі ағаш ғимараттардың қабырғаларында, тіректерде және т.б., жапырақты орман аймағының оңтүстігінде, орманды далада, далада және теңіз деңгейінен 1300 м биіктікте тау бөктерінде ұя салады (Островский, 2019).

Bombus lucorum Linnaeus, 1761. Туыстың ең кең таралған түрлерінің бірі. Көктемде аналық наурызгүл балшырындарымен қоректеніп, тастап кеткен тышқан інін тауып, сол жерде ұя салады. Бұл аралар өсімдіктермен қоректенеді, бірақ зиянкестік туғызбайды (Панфилов, 1981).

Крабронидә тұқымдасы – Crabronidae

Cerceris flavilabris (Fabricius, 1793). Жеке аралар 10-20 см тереңдікте (3 см-ден 1 м-ге дейін) жерде ұя салады. Олар қоңыздарды (бізтұмсықтар, зер қоңыздар, жапырақ жегіш қоңыздар) және жеке араларды (Halictidae) аулайды. Жансыздандырылған жәндіктермен өздерінің дернәсілдерін қоректендіреді. Ересек аралар балшырынмен қоректенеді (Bohart and Menke, 1976). Аралар шатыргүлді өсімдіктерінің гүлдеріне барады. Қазақстан мен Орта азияда 100-ден астам түрі бар (Қазенас, 1984).

Мегахилида тұқымдасы – Megachilidae

Osmia jagnobensis Morawitz, 1894. Олар ескі ағашта, ағаш құрылымдарда, өсімдіктердің құрғақ сабақтарында, беріштерде, моллюскалардың бос қабықтарында, тастарда, жартастарда, сазды және құмды топырақта ұя салады. Ұяшықтары жапырақтардың немесе гүл жапырақшаларының бөліктерімен, сілекеймен бекітілген құм түйіршіктерімен қапталған. Негізінен өсімдік тозаңдандырғыштары (Пономарева, 1978; Романкова, 1995).

Андренида тұқымдасы – Andrenidae

Andrena fuscipes (Kirby, 1802). Ұшу мерзімі: шілденің басы-қыркүйектің аяғы. Орман, ылғалды биотоптармен байланысты. Орман жиектерінде, орман жолдарында кездесті. Аналықтар барлық таралу аймағында тек қана дерлік аршагүл гүлдерінде (*Calluna vulgaris*) кездеседі (Осычнюк, 1995).

Қазғыш аралар тұқымдасы - Sphecidae

Prionyx nudatus (Kohl, 1885). Шөл дала түрі. Аналықтары жерге бір жасушалы ұя салады. Олар шегірткелерді аулайды (Acrididae). Ұзындығы: аналықтары 13-16 мм, аталықтары 12-15 мм (Казенас, 2013).

Құмырсқалар тұқымдасы - Formicidae

Formica pratensis Retzius, 1783. Ол орманды-дала және дала аймақтарында, орман жиектері мен алаңқайларында, шалғындарда кездеседі. Таулар мен тау бөктерінде ол 2500 м биіктікке дейін кездеседі. Қоректену кезінде өлі жәндіктер мен өсімдік биті шіресін жинау басым. Олар сондай-ақ әртүрлі жәндіктерді, соның ішінде егеушінің жалған жұлдызқұрттарын, көбелек жұлдызқұрттарын аулайды, балқарағай күйе көбелегі (*Coleophora laricella*) сияқты зиянкестердің санын азайтады. Шалғын құмырсқаларының илеуі өсімдік қалдықтары мен топырақ бөлшектерінен жасалған жалпақ күмбез (биіктігі шамамен 20 см) (Длусский, 1967).

Торқанаттылар отряды - Neuroptera

Алтынкөзділер тұқымдасы – Chrysopidae

Chrysoperla carnea (Stephens, 1836). Кәдімгі алтынкөз жасыл түсті. Көздері алтындай. Күзде кәдімгі алтынкөз денесі жәндіктердің денесінде каротиноидтардың жиналуына байланысты бозғылт жасылдан қызыл-қоңырға дейін өзгереді. Олардың дернәсілдері жәндіктермен қоректенеді, мысалы, өсімдік биттері, сымырлар, өсімдік кенелері (Acarina) және әртүрлі күйе көбелектердің жұмыртқалары. Дернәсілдері даму кезеңінде 200-300 өсімдік битіне дейін жейді. Ересек аралар балшырындармен және басқа да тәтті шырындармен қоректенеді (Стриганова, Захаров, 2000).

Қаптықанаттылар немесе қоңыздар отряды - Coleoptera**Алагүліктер тұқымдасы - Meloidae**

Meloe proscarabeus Linnaeus, 1758. Майка мамыр айының басында пайда болады. Дернәсілдер 28-40 күннен кейін жорғалап шығады. Жас дернәсілдер ұзақ қашықтыққа жайылып, гүлдерге көтеріліп, аралар мен басқа ұшатын жәндіктерге жабысады. Бұл жәндіктерді тарту үшін личинкалар тобының өзі гүл бүршігін бейнелей алады. Ара ұясына кіргеннен кейін дернәсіл сол жерде қалады да, паразиттік тіршілік етеді (Колов, Казенас, 2013).

Кішкене қоңыздар тұқымдасы - Malachiidae

Malachius bipustulatus (Linnaeus, 1758). Олар негізінен шалғындарда тіршілік етеді. Қоңыздар күні бойы тозаң жейтін гүлдер мен шөптерде отырады. Аталықтар аналықтарды еліктіру үшін арнайы иісті бөліп шығарады. Оны тұтынғаннан кейін аналық жұптасуға дайын болады. Дернәсілдер ескі ормандағы топырақта тіршілік етеді, онда олар кішкентай жәндіктерді аулайды. Бірнеше түлеуден кейін дернәсілдер қуыршақтанады. Қуыршақтан дайын қоңыздар шығады (Мамаев, Медведев, Правдин, 1976).

Ұзын мұртшалы қоңыздар тұқымдасы - Cerambycidae

Echinocerus floralis (Pallas, 1773). Кең таралған еуразиялық ксерофильді түр. Бай шөптесін өсімдіктері бар ашық ксеротермиялық орындардың түрі. Ересек қоңыздар мамырдың аяғынан тамыздың басына дейін күндіз белсенді. Дене ұзындығы 8-20 мм. Қоңыздар мамырдан тамызға дейін кездеседі. Шөптердің тамырларындағы полифагтар (*Medicago*, *Euphorbia*, *Achillea*) (Данилевский, 2014).

Stenocorus vittatus Fischer-Waldheim, 1842. Түр жолақты үстіңгі қанатымен сипатталады, қанат үсті ұшының пішіні біркелкі дөңгелектен қиғаш кесілгенге дейін өзгереді, аталықтарының ұзындығы 12-18 мм, аналықтары 16-20 мм. Кейде өте көп мөлшерде кездеседі, Жоңғар Алатауында табылған нақты орындар: Текелі, Лепсі маңы (Черная речка шатқалы, 1200 м) (Данилевский, 2014).

Тақтамұртшалы қоңыздар тұқымдасы - Scarabaeidae

Oxytorea cinctella (Schaum, 1841). Орман жиегі мен алаңқайларында, бұталы жерлерде кездеседі. Қоңыздардың ұшу мерзімі – мамырдан тамыз бойы. Олар күндіз күн ыстық кезде белсенді. Көбіне қоректенетін гүлді өсімдіктерден кездестіруге болады. Даму айналымы бір жыл. Полифаг. Қоңыздар маусымда шағылысады. Аналық 20 жұмыртқаны топыраққа салады, одан екі аптадан кейін дернәсілдері шығады. Дернәсіл қырқүйек басына дейін дамиды. Ол өсімдік жабыны және өсімдік тамырымен қоректенеді. Дернәсіл піллә түзіп, қуыршақтанады, шамалы уақыттан кейін ересек қоңызға айналады, ол пілләдан шықпай қыстауға қалады (Николаев, 1987).

Cetonia aurata (Linnaeus, 1758). Өзінің таралу аймағында әдеттегі, жиі кездесетін түр. Жабайы және мәдени өсімдіктердің гүлдерімен, сонымен қатар жеміс ағаштарымен қоректенеді. Бірақ бау-бақша шаруашылығына зиян келтірмейді. Дамуы бір жылдық, жұмыртқадан ересек дараға дейінгі дамуы бір жыл (Медведев, 1964).

Trichius fasciatus (Linnaeus, 1758). Қоңыздар жаздың басынан қыркүйектің бірінші жартысына дейін ұшады. Бұл негізінен жаздың типтік түрі. Қоңыздар күндіз белсенді және әртүрлі өсімдіктердің гүлдерінің тозаңымен қоректенеді. Әсіресе шатыргүлділер, аюбадам, тобылғы, итмұрын және басқа өсімдіктердің гүлдерінде жиі кездеседі. Олар жалпақ жапырақты ормандарда, шалғындарда кездеседі. Қазақстанда түрдің саны азайып келеді және мұнда ол жойылып бара жатқан түр ретінде қорғауға лайық (Николаев, 1987).

Қанқызы қоңызы тұқымдасы - Coccinellidae

Coccinella septempunctata Linnaeus, 1758 – жетінүктелі қанқызы қоңызы. Қанқызы қоңызы тұқымдасының ең көп таралған, транспалеарктикалық түрі. Ересек қоңыз үстіңгі қанатының түсімен (қызыл және қызғылт сары тондар) және олардың жеті қара нүктелерімен сипатталады (Определитель насекомых Дальнего Востока СССР, 1992). Личинка көкшіл-сұр түсті, сары немесе қызғылт сары дақтары бар (Полякова, 1969). Ересектері де, дернәсілдері де жәндіктермен қоректенеді. Ересек қоңыздар қыстайды.

Psyllobora vigintiduopunctata (Linnaeus, 1758). Басы сары немесе алдыңғы шеті қаралау. Ауыз бөліктері, мұртшалары, аяқтары сарғыш. Алдыңғы сары кеудесі 5 қара нүктемен, қалқаншасы қара. Үстіңгі қанаты сары түсті, әрқайсысында 11 қара нүкте бар. Денесінің ұзындығы 3,0-4,5 мм. Шөптесін өсімдіктерде жиі кездесетін бұл түр саңырауқұлақтармен қоректенеді (Определитель насекомых Дальнего Востока СССР, 1992).

Біztұмсық қоңыздар тұқымдасы – Curculionidae

Lixus iridis Olivier, 1807. Аналық маусым айында жұмыртқа салады. Дернәсілдер жабайы және мәдени шатыргүлділер тұқымдасының көптеген өсімдіктерінің сабақтарында дамиды: ақжелкен, балдыркөк, зире және сәбіз, оларға зиян келтіруі мүмкін (Байтенов, 1974).

Larinus sturnus Schaller, 1783. Ол құрғақ жерлерден ылғалды шалғындар мен орман алқаптарына дейін әртүрлі биотоптарда тіршілік етеді (Дедюхин, 2012). Шоңайна (*Arctium sp.*) өскен рудеральды биотоптарда жиі кездеседі. Мамыр айынан бастап ересек қоңыздар жер бетінде пайда болады. Маусым-шілде айларында шағылысады. Аналық қоректік өсімдіктерінің ашылмаған жас гүлшоғырларының түбіне жұмыртқа салады. Әдетте, болашақта бір гүлшоғырда бір дернәсіл болады, олар тікелей гүлтұғырының үстінде орналасқан және жетілмеген тұқымдармен қоректенеді. Тамыз айында гүлшоғырдан тыс қыстайтын жаңа буын имаго пайда болады (Воловник, 1995).

Стафилиндер тұқымдасы - Staphylinidae

Ontholestes murinus Linnaeus, 1758. Қоңыздың дене мөлшері өте үлкен, денесінің ұзындығы 14-тен 19 мм-ге дейін. Мамырдан қыркүйек бойы кездеседі. Ол ормандарда, негізінен жағалаудағы және қарағайлы ормандарда кездеседі, шіріген саңырауқұлақтардың жанында тіршілік етеді. Әдетте теңіз деңгейінен 0-ден 2500 метрге дейінгі жерлерді қоныстайды, саңырауқұлақтардың жанында кездесетін жәндіктермен қоректенеді (Кашеев, 1999).

Жапырақ жегші қоңыздар тұқымдасы - Chrysomelidae

Gastrophysa polygoni Linnaeus, 1758. Қоңыздардың денесінің ұзындығы 4-5 мм. Қарақұмық жапырағы қоңыздары аталықтар мен аналықтарының сыртқы айырмашылықтарымен сипатталады. Аналықтары үлкенірек, құрсағы ашық сарғыш түсті. Үстіңгі қанаты денесінің бір бөлігін ғана жабады. Бұл қоңыздар таран және қымыздықпен қоректенеді. Жарма алқаптарында жиі кездесетін колеоптера түрлерінің бірі. Қарақұмық жапырақ жегіш қоңызы - транспалеарктикалық түр.

Phaedon brassicae Baly, 1874. Кең таралған және жоғары өсімталдыққа ие. Бұл қоңыздар өсімдіктерден құлап, жыртқыштардан қашып кетеді, ал шабуылдарға жауап ретінде дернәсілдер ересектерге қарағанда аз түседі (Мацубара, Сугиура, 2018). Бұл қоңыз типтік қысқа күндік түр болып табылады, оның төмен температурасы қысқы диапаузаның индукциясын күшейтеді, ал жоғары температура жазғы диапазонның жиілігін тежейді (Ван, Чжоу, Лей, 2007).

Жіңішкеқанатты қоңыздар тұқымдасы – Oedemeridae

Oedemera lurida (Marshall, 1802) – жіңішке аяқты тар табан (55-сурет). Қоңыздың денесінің ұзындығы 5-7 мм, денесінің түсі қою жасыл. Денесі түкті (Бей-Биенко, 1965). Дернәсілдері көпжылдық өсімдік түрлерінің, әсіресе *Senecio*, *Eupatorium*, *Centaurea* өсімдік сабағының тамыр мойнымен және сабағының төменгі бөлігімен қоректенеді. Дернәсілдер тамыр мойнында қыстайды, мамырдан тамызға дейін әртүрлі өсімдіктердің гүлдерінде кездеседі.

Oedemera croceicollis Gyllenhal, 1827. Қоңыздың денесінің ұзындығы 7-9 мм. Алдыңғы кеудесі қызыл-қызыл түсті. Үстіңгі қанатының сыртқы жиегі бүйір жиегімен біріктірілмейді (Бей-Биенко, 1965). Ол теңіздер мен ірі өзендердің жағасында кездеседі (Alekseev, Vukejcs, 2011). Қоңыздар мамырдан шілдеге дейін белсенді. Дернәсілдерінің қоректік өсімдігі *Carex distans* болуы мүмкін (Kubisz, 2006).

Oedemera femorata (Scopoli, 1763). Қоңыздың денесінің ұзындығы 8-11 мм, денесінің түсі қола-қара түсті. Үстіңгі қанатында 3 бойлық жүйкелері бар, толығымен сары түсті, сирек бүйір шеттері қоңыр түсті. Аналықтың құрсағының бүйірі өте жіңішке сары жиекті, кейде ұшы сары (Бей-Биенко, 1965; Плавильщикова, 1950). Дернәсілдердің биологиясы белгісіз (Xavier, 1989).

Жалындай қызыл қоңыздар тұқымдасы - Pyrochroidae

Pedilus lugubris (Say, 1826). Қоңыздар өсімдік шырындарымен қоректенеді. Дернәсілдері жыртқыш (оның ішінде қабық қоңыздарын да жейді), ағаш қабығының астында тіршілік етеді және қуыршақ болғанға дейін 2-3 жыл дамиды (Определитель насекомых Дальнего Востока СССР, 1989).

Pyrochroa coccinea (Linnaeus, 1761). Қоңыздар гүлдерде, жапырақтарда және құлаған ағаштарда кездеседі. Олар шырындармен, өлекселермен және ағаш шырындарымен қоректенеді. Өте жалпақ дернәсілдер өлі немесе өліп жатқан жапырақты ағаштардың қабығының астында ксилофаг насекомдардың дернәсілдерін, қуыршақтарын және ересек дараларын жейді. Қозғалыс кезінде басқа жәндіктердің салған жолдарын қолданады, кейде өзідері де салады. Қабық пен ағаштың арасында қуыршаққа айналады. Ұшу мерзімі мамырдан маусымға дейін (Бей-Биенко, 1965).

Тікқанаттылар отряды - Orthoptera

Шекшектер тұқымдасы - Tettigoniidae

Tettigonia viridissima (Linnaeus, 1758). Бізде ең көп таралған: оны барлық ландшафттық аймақтарда табуға болады. Олар, әдетте, басқа жәндіктермен, атап айтқанда кішкентай көбелектермен қоректенеді, кейде каннибализмге жүгінуі мүмкін. Жәндіктер болмаған кезде шегіртке өсімдікпен қоректенуге ауысады, ағаштар мен бұталардың жапырақтарын, бүршіктерін және гүлдерін, дәнді дақылдарды, жабайы шөптің сабақтары мен жапырақтарын көп мөлшерде сіңіреді. Кейде ауылшаруашылық дақылдары мен ағаш түрлеріне зиян келтіреді (Стороженко, 2004).

Нағыз шегірткелер тұқымдасы - Acrididae

Stauroderus scalaris (Fischer von Waldheim, 1846). Ол сирек өсімдіктері бар жерлерде немесе тығыз өсімдіктері бар ормандардың жанында, дәнді және түрлі шөптесінді-астық тұқымдасты шалғындарда кездеседі (Дубешко, 2007). Мамыр айының ортасында дернәсілдері шығады, олардың 30-35 күн дамиды 4 даму сатысы бар. Бұл түрдің дернәсілдері шегіртке дүңгіршегінде дами алады (Чернышев, Легалов, 2008).

Omocestus viridulus Linnaeus, 1758. Факультативті хортобионт. Ол ылғалды шалғындарда тіршілік етеді. Дегенмен шалғындардың басқа түрлерінде жиі кездеседі. Дүңгіршектер су тасқынына жақсы төзеді. Нимфалар сәуір-мамыр айларында пайда болады. Дүңгіршек кішкентай, пішіні жұмыртқа тәрізді, төменгі ұшы доғал, ұзындығы 8-12 мм (орташа 10,3 мм), диаметрі 4,2-6,0 мм (Чилдебаев, Казенас, 2013).

Инеліктер тұқымдасы - Odonata

Сарғалдақ инеліктер тұқымдасы - Lestidae

Symptesta fusca (Vander Linden, 1820). Дернәсілдері тереңдігі 1 метрге дейінгі тұрақты тоғандарда тіршілік етеді. Қыстайтын ересек даралардың ұшу мерзімі сәуір-мамыр айларында басталады. Шағылысу бірнеше минуттан жарты сағатқа дейін созылады. Содан кейін аналық су өсімдіктерінің өлі бөліктеріне жұмыртқа салады. Бір минут ішінде аналық 4-5 жұмыртқа салады, күніне 350-ге дейін түрлі жерлерде жұмыртқа салады. Ұзындығы 1 мм жұмыртқаның дамуы 3-тен 6 аптаға дейін созылады (Онишко, Костерин, 2021).

Нағыз инеліктер тұқымдасы - Libellulidae

Sympetrum flaveolum (Linnaeus, 1758). Ұшу мерзімі: шілденің аяғынан қыркүйектің ортасына дейін (Скворцов, 2010). Көбінесе өсімдік жамылғысы бар ұсақ тоғандардың жанында, өсімдіктерге бай тұрақты тоғандарда, әсіресе жылы және таяз, соның ішінде маусымдық кеуіп кететін тоғандарда кездеседі. Аналықтар ұшып бара жатып, биіктіктен суға лақтыру арқылы жұмыртқа салады және құрсағымен суға тиген кезде немесе дымқыл топыраққа тиген кезде жағаға салады. Дернәсілдері су қоймаларындағы су өсімдіктерінің арасында дамиды. Дамуы бір жылға созылады.

Қосқанаттылар отряды - Diptera

